

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИКА

УДК 378:37.091.64

К. А. Байдалиев, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

«КӘСІПТІК ОҚЫТУ» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

Аннотация

Автор болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған деңгейлік тапсырмаларды құру мазмұнына сәйкес педагогикалық және психологиялық еңбектердегі «тапсырма» ұғымдық аппаратына терең зерттеу жүргізген. Оқу-танымдық тапсырманың құрылуы теориясын зерделей, дидактикада қалыптасқан дәстүрлі және жаңа түрлерінің ерекшеліктерін анықтаған. Олардың оқу үдерісінде қолдану бағыттары мен мүмкіндіктерін түсіндірген. Қазіргі жаңа білім беру моделдерімен үйлесімді ұштасқан деңгейлік тапсырманың құрылу үлгілерін «Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру» пәнінің оқу материалы мазмұнында ұсынған.

Түйін сөздер: тапсырма, оқу-танымдық іс-әрекет, білім, білім беру, білім беру моделі, білім беру мазмұны, оқу материалы, оқыту, дидактика, іскерлік, тұлға, субъект, әрекет, оқу жұмысы, оқыту мазмұны, әдіс-тәсіл, оқыту құралы, кәсіби құзыреттілік, деңгейлік тапсырма.

Қазіргі өндіріс пен әлеуметтік өмір жаңа буын мамандарының бойынан дәстүрлі сипаттағы кәсіби білім мен тәжірибелік іскерлікті меңгеру қабілеттеріне үйрену қабілеттерімен бірге, сол қасиеттерді қажетті жағдайларға тән түсіндіре және қолдана алуды, өзбетімен және жауапкершілікте таңдау жасай алатын, пайда болған қиындықтарды өзбетімен шешуге потенциалы жеткілікті, шығармашылықта іс-әрекеттерді орындай алатын белгілеріне мұқтаж болып келеді.

Осыған сәйкес, қазіргі кәсіби білім беру саласының педагогикалық үдерісінде білім алушының кәсіби білім алу барысында, оның тұлғалық қасиеттерін дамыту басымдылығы артып келеді. Кеңестік дидактика білім алушының білімі мен іскерлігін ғана қалыптастыруға, оқу-танымдық іс-әрекеттерде танымның әдістерін (талдау, жинақтау, нақтылау, салыстыру, жүйелеу, ажырату, ұқсастық және т.б.) сәтті қолдануға педагогтар пәннің оқу үдерісінде білім алушыларды ақпаратты дұрыс қабылдауға, түсінуге, еске сақтауға, қайта шығару (воспроизведение), теориялық білімді тәжірибеде қолдануға ғана бағыттады. Дәстүрлі оқыту теориясында білім алушылардың тұлғалық қасиеттеріне тән кейбір белгілерін (шығармашылық, өзін-өзі бақылау мен бағалау, шешім қабылдау) дамытуға анықталған негіздері болғанымен, оқу орындарының оқу үдерісі тәжірибесінде еленбей қалып отырды. Оған себеп, Кеңестік педагогикада оқу үдерісінің оқу түрі тек бір типті жүруінде болды. Ол – түсіндірмелік-иллюстративтік оқыту. Бұл оқыту түрі білім алушылардың жоғарыдағы шектеулі оқу-танымдық қасиеттерін қалыптастыруға ғана дәрменді болуымен шектелді.

Болашақ мамандардың жоғарыдағы кәсіби және тұлғалық қасиеттерін үйлесімді дамыту мен педагогикалық үдерісте қалыптасқан құбылыс арасындағы қайшылықты шешуге педагогика ғылымы жаңа білім беру моделдерін жасап, оқыту технологияларының алуан түрін тәжірибеге ұсынып келеді. Солардың бірі, тұлғаға бағдарлы, құзыреттілікке бағытталған, жүйелілік іс-әрекеттік білім беру моделдері болып табылады.

Бұл білім беру моделдерінің мәні білім алушы тұлғасының оқу үдерісінде субъектілік қатынастарға түсуіне үлкен мүмкіндіктер береді. Білім алушы субъект ретінде оқу үдерісінде іс-әрекетті орындауға мақсат қоюға, құралдарын өзбетімен таңдауға, жоспарлауға және ұйымдастыруға, өзін-өзі бақылауға, шешім қабылдауға, тапсырманың сапасын анықтауға, баға беруге ұмтылады. Олай болса, білім алушы оқу үдерісінде белсенді қатысушы болып, үйренуге анықталған оқу материалының мазмұнын, оны меңгеруге белгіленген әдіс-тәсілдерді, құралдарды өзі таңдауға, жобалауға, шешімін табуға, өзін-өзі бақылауға, бағалауға мүмкіндік алады. Бұл тарапта педагогтың негізгі қызметі кеңесші, қолдаушы және бағыт берумен шектеліп, білім алушыға меңгерілетін білім көздері мен тәжірибелік ептіліктерінің қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық, дидактикалық шарттарды қамтамасыз етумен анықталады.

Мұндай құрылымдық сипаттағы оқыту мазмұны білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетінің белсенділігінің артуымен бірге, оның білімді меңгеру мен ептілікке үйренудің басқа баламалы түрлерін өзбетімен үздіксіз ізденісте, шығармашылықта танымдық әрекеттер орындау мәдениетінің қалыптасуына, танымдық және интеллектуалдық потенциалдарының негізінде түрлендірілген жаңа психикалық құрылымдарының пайда болуына алып келеді. Осы сипаттағы білім алушының оқу-танымдық іс-әрекеті субъектілік тұлғаның құндылық бағдарын, өмірлік және кәсіби болашағын мақсатқа сай анықтауын, оқу-танымдық әрекет стилін, тұлғалық позициясын дамытуға ықпал етеді.

Білім алушының осы танымдық және интеллектуалдық, кәсіби және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған білім беру моделдерінің оқыту мазмұнындағы түйінді бір құрылымдық құралы - оқу үдерісін оқу тапсырмасы болып табылады. Оқу тапсырмасы дидактиканың кең таралған категориясы. Ол оқыту процесінде қолданатын құралы мен күтілетін нәтиженің құрылымдық бірлігін құрайды. Оқу тапсырмасы дәстүрлі оқыту процесіндегі білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы және басқаршы құралын атқарады.

«Оқу тапсырмасы» ұғымына педагогика, психология және әдістемелік еңбектерде түсінік беруде әлі де болса ортақ, бірегей анықтамасы қалыптаспаған. Кәсіби білім беру сөздігінде оқу тапсырмасы – әр түрлі танымдық іс-әрекет (бақылау, тәжірибе, әдебиетті оқып үйрену) барысында шешім орындауға құралған тапсырма десе, екінші бір анықтамасында білім алушылар әр түрлі формада құрала (топтық, жеке) аудиторияда, шеберханада, зертханада өзбеттерімен орындауға бағытталған мәселе бойынша педагогтың белгілеген оқу жұмысының көлемін айтады[1].

Оқу тапсырмасы – оқушының оқу әрекеттерін (теориялық, практикалық) орындауға талап қоятын педагогтың тапсырма түрі[2]. Танымдық тапсырма дегеніміз оқытуда байланыстарды, қатынастарды, дәлелдеулерді белсенді қолдануды ынталандыруға, жаңа білім көздері мен тәсілдерін іздеуді көздейтін құрал[3].

Тапсырманы грек тілінде «проблема» ұғымымен баламалайды. Тапсырма анықтамасының кең мағынасы практикалық және теориялық қызығушылық танытатын сұрақ, жауап. Психологиялық тұрғыда тапсырманың анықтамасын былай белгілеген, тапсырма – құралдарды сәйкестіктегі шарттарды қолдана жетістікке жету үшін талап қоятын және белгілі бір шарттар да берілген іс-әрекеттің мақсаты. Мақсаттың сипаты практикалық және теориялық түрлерімен ажыратылады. Практикалық тапсырма белгілі бір күйді тікелей түрлендіруге бағыттаса, теориялық құбылысты немесе үдерісті тануға ұмтылдырады. Танымдық іс-әрекеттегі тапсырмалардың түрі перцепті, мнемикалық, сөздік және ойлау үдерісіне байланысты бөлінеді. Тапсырма деп кейбір практикалық түрлендіруге немесе жалпы заңдармен және категориялармен байланысты проблемалық ситуациялардың белгілі және белгісіз элементтері арасындағы қатынастарды айқындауға шарттарын іздестіруге бағытталған теориялық сұрақтың жауабына қойылған талап мазмұнын құрайтын ойлау іс-әрекетінің объектісі [4].

А.А. Столярдың пікірінше «тапсырма» ұғымының кең мағынасы орындауға, шешуге талап етеді [5]. Психология ғылымының бір топ зерттеушілері А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн кең таралған анықтамасы ретінде ойлау іс-әрекетінің мақсаты деп қарастырса, екінші топтағы авторлар В.В.Давыдов, А.М.Матюшкин тапсырма анықтамасын

белгілеуде ойлау үдерісін тыс қалдырмай мынандай анықтама береді: кез-келген тапсырманы шешуге бағытталған ойлау үдерісі өзінің ішкі құрылымымен әрекет немесе іс-әрекет актісі болып табылады. Д.Б.Эльконин оқу тапсырмасының ерекшелігі оның мақсаты мен нәтижесі субъектінің іс-әрекетін өзгертуден тұрады.

Осы педагогтар мен психологтардың тапсырма ұғымына берілген анықтама мазмұнына сәйкес Г.А.Балл, оларды екі түрге бөлген: оқу тапсырмасы және танымдық тапсырма. Кез-келген тапсырмалар танымдық сипатта бола бермейді. Оқу үдерісінде қолданылатын тапсырмалар басым түрде оқу тапсырмасы мазмұнында жүреді[6]. Әсіресе, ол білім алушының оқу материалын меңгеруіне ғана тән болады. Білім алушылар оқу материалын қабылдау, еске сақтау, меңгеру, қайта шығару, меңгерген білім көзін дәстүрлі немесе жаңа ситуацияларда қолдану, ойлау операцияларының қарапайым түрлерін тәжірибелеуге ғана бағытталады екен. Оқу үдерісі мен өзіндік жұмыс барысында кейбір тапсырма түрлері білім алушылардың күрделі ойлау операцияларын (білімді басқа құрал түріне тасымалдай алу, құбылыстар мен процестердің мәнін түсіндіре алу, проблемалық ситуацияларды шешу, дәлелдеу, баға беру, жалпыламалау, қорытындылау) дамытуға бағытталған тапсырмалар танымдық түріне жатады. Танымдық тапсырманың анықтамалық сипаты жоғарыдағы психологиялық сөздікте анықталғандай, білім алушының өнімді ойлау іс-әрекеттерімен жүзеге асырылады.

Олай болса, педагогика және психология ғылымында дәстүрлі және жаңа білім беру моделдеріне тән анықталған тапсырмалардың түрлері әлі де болса ортақ жіктелуі қалыптаспаған. Олардың алуандылығы әр түрлі тұрғылармен байланыстырады. С.Ф.Жуйков оқу тапсырмаларын екі топқа бөлген. Бірінші тапсырма түрі оқушылардың білім мен іскерлікті меңгеру үдерісіне тән анықталса, екінші тапсырма өткен тақырыпты бекітуге арналатынын көрсеткен[2]. Ю.К.Бабанский тапсырмаларды репродуктивтік, ізденіс және шығармашылық түрлеріне топтастырған[7].

И.Я.Лернер білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға проблемалық-танымдық тапсырмалар жүйесін ұсынып, оның түрлерін төмендегі көрсеткіштермен анықталуын көздеген:

- тарихи материалдарды оқып үйрену мен ұғынуға тән негізгі типтік проблемаларды шешуге үйрету тапсырмалары;
- тарихи танымның әр түрлі типті әдістеріне және проблемалық тапсырмаларды шешу тәсілдеріне үйрету тапсырмалары;
- шығармашылық іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

Таңбалы-контекстілі оқыту технологиясының авторы А.А.Вербицкий оқытудың үш моделін: семиотикалық, имитациялық және әлеуметтік ұсына, оларға тән тапсырмалардың типтерін жасаған: мәтінмен жұмыс істеуді көздейтін проблеманы оқып үйрену бойынша тапсырма; қабылдаған ақпаратты білім алушы өзінің болашақ кәсіби іс-әрекеті ситуацияларымен байланыстыру; пәндік білімді тереңдету мен білім алушының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған білім берудегі өзекті проблемалар бойынша тапсырмалар. Т.В.Кудрявцев білім алушылардың техникалық ойлауын дамытуға тапсырмаларды екіге бөлген: техникалық тапсырмаларды шешу мен конструктивтік-техникалық тапсырмалар. Бірінші тапсырмада білім алушыларды жаңа нәтижелер алуға ұмтылдырса, екінші түрінде олардың күрделі есептеулер мен конструкцияларды талдау жұмыстарына үйретуге ықпал етеді.

Тұлғаға бағдарлы білім беру моделінің авторы В.В.Сериков тапсырманы шешу үдерісін білім алушының тұлғалық тәжірибесін қалыптастырумен байланыстырады. Білім алушының оқу тапсырмасын шешу нәтижесі жаңа білім, тәсіл, модель болып табылуын көздейді. Осы сипаттағы нәтиже тапсырманың танымдық екенін дәлелдейді [8].

Қазақстанның білім беру саласында білім сапасын арттыруға сәйкес білімнің нәтижеге бағытталған тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында шетелдік тәжірибелерге де үлкен мән беріп келеді. Қазіргі жалпы орта мектеп пен кәсіби білім беру оқу орындарында білім алушылардың білім сапасын анықтауға американ психологы Бенджамин Блумның оқу мақсаттарын жүйелеу (таксономия) еңбегіне негізделуде. Б.Блумның теориясында білім алушының оқу іс-әрекеттерін толық қамтып: танымдық, аффективтік және психомоторлық

әрекеттерін сәтті бақылау мен бағалауға мүмкіндік береді. Оның танымдық саласы бойынша алты деңгей анықталған: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау[9].

Бұл Б.Блумның оқу мақсаттарының таксономиясы өткен ғасырдың елуінші жылдары белгілі болса да, Кеңестік дәуірде оның оқу үдерісінде қолданылмауына негіз болған танымдық сала бойынша анықталған деңгейлер құрамында білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетіндегі шығармашылық қабілетін диагностикалау мүмкіндігінің көзделмеуінде болып келді.

Б.Блумның еңбегіндегі осы бір кемшіліктен арылуға чех профессоры Дана Толлингерованың ұсынған оқу тапсырмаларының таксономиясы болып табылады. Бұл чех ғалымы танымдық сипаттағы оқу тапсырмаларын бес топқа топқа құраған: бірінші топтағы оқу тапсырмалары репродуктивтік мәнерде құрылуы көзделсе, екінші топтағы тапсырмалардың жинағы білім алушылардың қарапайым ойлау әрекеттерін (баяндау мәнері, деректерді жүйелеу) бақылауға бағытталған. Үшінші топтағы тапсырмалар күрделі ойлау әрекеттерін (дәлелдеу, түсіндіру) талап ететін тапсырмалар болса, келесі тапсырмалар өнімдік ойлау актілерін (өзбетімен шығарма, баяндама, жоба, эссе жазу) орындауды меңзейді. Соңғы тапсырмалар бойынша білім алушының өнімді ойлау арқылы проблемаларды шешуге бағытталуы көзделген. Яғни, білім алушы ізденісте, шығармашылықта өзінің интеллектуалды потенциалы негізінде әр түрлі қиындықтарды шешу мүмкіндігіне тән тапсырмалар орындайды[10].

Педагогикалық және психологиялық зерттеулер тапсырма категориясы бойынша талдаулар жасау нәтижесінде мынандай қорытынды жасауға болады. Тапсырма білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралымен шектелмей, оның танымдық, интеллектуалдық және әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасып дамуына, түрлендірілген жаңа құрылым деңгейіне өтуіне, болашақ өмірі мен кәсіби жолын табуға уәждеу, құндылық бағдар алуға, өзінің дербес субъектілік позициясының қалыптасуына ықпал ететін оқу-танымдық іс-әрекеттің құралы да болып табылады. Тапсырма сипаты жағынан ықшамды түрде оқу тапсырмасы және танымдық тапсырмаларға бөлуге болады. Оқу тапсырмасы білім алушының оқу материалын қабылдау, түсіну, еске сақтау, білімді тәжірибеде қолдану, ойлаудың қарапайым операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, ажырату, нақтылау, жүйелеу) орындау мүмкіндігіне бағыттаса, танымдық тапсырма білім алушының күрделі және өнімді ойлау әрекеттерін орындай, түрлендірілген, жаңа білім, жаңа тәсіл, жаңа модель жасауға арналады екен. Білім алушылар соңғы тапсырма түрін орындау нәтижесінде тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік қасиеттерінің дамып, болашақ кәсіби еңбегінде субъектілік қатынастарға сәтті түсуіне мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде білім алушылардың оқу жұмысын орындау әр түрлі формада ұжымдық, топтық, жеке дара) жүреді. Білім алушылар оқу жұмыстарын мұндай формаларда орындау, педагогтың оқыту мазмұнын жоспарлау мен ұйымдастыру әрекеттеріне, сабақтың қойылған мақсатына байланысты таңдалады. Оның дәстүрлі жағдайдағы мәні тұлғалық немесе тәрбиелілік мәнінде болып келеді. Білім берудің жаңа моделдерінде білім алушылардың әр түрлі формаларда, әсіресе, жеке дара түрінде оқу-танымдық іс-әрекеттерді орындау, олардың жеке дара қасиеттерін ескеру тұлғалық қажеттілікпен байланыстырады. Өйткені, әрбір жеке дара адам (индивидум) өзінің туа бітісімен дербес психологиялық процестер мен қасиеттерге тән. Осыған сәйкес психология ғылыми жеке дара адамның психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеулерде, олардың темпераментіне, интеллекіне, ойлауына, психомоторикасына, қызығуына, қабілетіне және т.б. құрылымдық белгілеріне сәйкес типтерге бөлген. Міне, жеке дара адамның осы психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес тұлғалы бағдарлы білім беру тұжырымдамасында білім алушылардың субъектілік тұлға ретінде оқу материалын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын өзбетімен таңдау мүмкіндігіне қол жеткізуін ұсынады.

Осының негізінде біздің қарастырғалы отырған зерттеудің мәселесі деңгейлік тапсырмалар болып табылады. Дәстүрлі оқыту мазмұнының тәжірибесінде кез-келген топта білім алатын оқушылар, студенттер оқу материалын меңгеруге анықталған тапсырмалардың сипаты бір типті болып орындалып келеді. Кей жағдайда тапсырманың орындаудың басқа формаларында (практикалық жұмыс, өзбетіндік жұмыс, оқытушының жетекшілігімен орындалатын жұмыс) да бір типті тапсырмалар беріледі. Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекет қабілетіне, үлгеріміне, жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне тән деңгейлі тапсырмалар берілмейді. Педагог әр бір білім алушының тапсырмалар орындауға қызығуын,

қабілетін, сұранысын, бейімділігін, икемділігін, субъектілік тұлғалық тәжірибесін және т.б. ерекшеліктеріне көңіл аудара бермейді. Осы кемшіліктерден арылуға, білім алушылардың жеке дара ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу-танымдық іс-әрекеттердің сәтті шешілуіне, біздің қарастырып отырған деңгейлік тапсырмалардың сипаты мен мазмұны біршама ықпал етеді деген болжам жасап отырмыз.

Психология және педагогика ғылымдарында білім алушыларды саралап және даралап оқыту теорияларын Кеңестік дәуір кезінде кеңінен зерттеп қарастырып кеткен (Д.Н.Богоявленский, Л.В.Занков, В.А.Крутецкий, И.Э.Унт, Щукина Г.И.). Зерттеушілер өздерінің еңбектерінде білім алушыларды саралап және даралап оқытуда, олардың жеке дара және психологиялық ерекшеліктерін бөлу қажеттілігінің теориялық негіздемесін анықтаған. Бірақ, педагогика ғылымында білім алушылардың жеке дара және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық, әдістемелік сипаттағы зерттелген еңбектерде деңгейлік тапсырмалардың жобалануы мен құрастырылу негіздері толық шешілмеген. Қазіргі оқу орындары тәжірибесінде педагогтар өздерінің эмпирикалық сипатта деңгейлік тапсырмалар құрып тексеру үстінде.

Деңгейлік тапсырмаларды педагогика және психология ғылымдарында әр түрлі сипатта қарастырып келеді. Деңгейлік тапсырма проблемасына арналған зерттеу жұмыстарын талдау барысында деңгейлік тапсырмалар басым жағдайда білім алушылардың барлық деңгейдегі тапсырмаларды орындауға, оқу үлгерімін арттыруға ғана бағытталғаны анықталды. Солардың бірі Қазақстандық педагог-ғалым Караев Ж.А. өзінің деңгейлеп саралап оқыту технологиясында оқу тапсырмаларын орындаудың төрт деңгейін ұсынған: оқу материалын меңгеру мен қайтып шығару (воспроизведение); оқу материалын жүйелеу мен қорытындылауға тән алгоритмдік тапсырма; эвристикалық (ізденіс-танымдық) және шығармашылық[11]. Бірақ, оның әдістемелік ұсынысында білім алушы барлық деңгейдегі тапсырмаларды иерархиялық сатыдан міндетті түрде өтуді жүктейді. Оқушылар математика пәнінен оқу тапсырмаларын төменнен жоғарыға қарай толық шешеді. Бір деңгейдегі тапсырманы орындағаннан кейін оқушы екінші деңгейге өтіп отырады. Н.Ю.Бобковтың көпдеңгейлік жүйелі тапсырмалар негізінде студенттерге кәсіби білім беру еңбегінде математика пәні бойынша кіріс, ағымдағы, кезеңдегі және қорытынды диагностикалауға арналған көпдеңгейлік жүйелі тапсырмалар (есептерді) жасауын ұсынған[12].

Біздің «Кәсіптік оқыту» мамандығының жоғарғы курс студенттеріне арналған «Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру» курсына құралған деңгейлік тапсырмалар білім берудің жаңа моделдері (тұлғаға бағдарлы, құзыреттілікке бағытталған, жүйелілік іс-әрекеттік, контекстілі) аясында студенттердің өзбетімен танымдық таңдау жасауға мүмкіндік беретін, олардың кәсіби уәждеуі мен қызығуы, қабілеттері мен кәсіби еңбекке дайындық дәрежелері ескеріледі. Деңгейлік тапсырмалар сипаты жағынан танымдық түріне жатады. Яғни, орындалатын тапсырмалар репродуктивтік, тәжірибелік ізденіс және шығармашылық мазмұнда жүреді. Репродуктивтік тапсырма түрінде білім алушылар тақырып мазмұнына сәйкес әр түрлі акпарат көздерінен оқу материалдарын оқып үйрену, талдау мен жинақтау, жүйелеу мен қорытындылау, өзбетімен тұжырымдамалық және әдістемелік сипатта ұсыныстар дайындау әрекеттерін орындайды. Өйткені, кейбір категориядағы білім алушылар ақпарат көздерімен оқу-танымдық іс-әрекеттерді орындауға бейім келеді, қызығушылық танытады. Тақырыптың оқу материалын білім алушылар өзбетімен меңгеруге, ойлаудың қарапайым және күрделі операцияларын қолдануға қол жеткізеді. Танымдық тапсырманың орындау барысында білім алушылар өзбетімен қарастырған акпараттарға баға бере, ұсыныстарын дайындайды. Бұл деңгейдегі танымдық тапсырманы орындаған білім алушылар келесі деңгейдегі тапсырмаларды орындамайды. Сол тапсырмаларды баяндама, есеп түрінде дайындап, көрестілімдермен баяндама жасайды.

Келесі деңгейдегі тапсырма мазмұны тәжірибелік ізденіс сипаттағы оқу-танымдық іс-әрекетке кіреді. Білім алушылар категориясында «прагматиктер» де кездеседі. Олар оқу материалы бойынша мәліметтерді оқу орындарындағы шынайы педагогикалық құбылыстарды бақылауға, нақты оқу құжаттарды қарастыруға, іс-әрекеттерді орындауға қызығушылық танытады. Бізге белгілі кез-келген оқу орындарындағы педагогикалық құбылыс педагогикалық ғылыми еңбектердегі теориялардың шынайы өмірдегі материалданған күйі немесе құбылысы

болып табылады. Олай болса, екінші деңгейдегі оқу тапсырмаларын орындайтын «прагматиктер» тақырыптың оқу материалын шынайы тәжірибелерді бақылау, мәліметтерді жинақтау мен жүйелеу, талдау мен жалпыламалау жасаумен бірге, теория мен тәжірибенің арасындағы ұқсастықтарды, ерекшеліктерді анықтап, өздерінің тұжырымдамалы және әдістемелік ұсыныстарын дайындауға үйренеді.

Үшінші деңгейдегі танымдық тапсырманың дәрежесі шығармашылық сипатта құрылады. Білім алушылардың арасында интеллектуалдық, танымдық және шығармашылық қабілеттері жеткілікті дамыған. Сонымен бірге, оқу-танымдық іс-әрекеттерде түрлендіруші, жасампаз студенттер де кездеседі. Олай болса, үшінші деңгейдегі тапсырмалар интеллектуалды потенциалы, шығармашылық қабілеттері жоғары, зерттеу мен шығармашылық оқу-танымдық іс-әрекеттері бойынша әдіснамалық қасиеттері қалыптасқан категориядағы студенттерге бағытталады. Бұл категориядағы білім алушылар тақырыптың теориялық және тәжірибелік оқу материалдары негізінде баламалы жаңа білім көздерін, жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа тұжырымдамалы немесе процессуалдық құндылығы бар моделдердің жобаларын жасап ұсынады.

Математика және жаратылыстану оқу курстары бойынша таңбалы, символды мәнердегі оқу тапсырмаларын құру мүмкіндіктері колжетімді және жеңіл, кез-келген тәжірибелі педагогтың потенциалы жеткілікті болса, психологиялық және педагогикалық ғылым салалары бойынша оқу-танымдық тапсырмаларды құрау біршама қиындықтар туғызады. Мысалы, психология курсы бойынша құрылған тапсырмалар нақты әлеуметтік құбылыстағы тұлғаның құрылымдық қасиеттерін, күйін және т.б. белгілерін шынайы ситуациядағы құбылыстарды демонстрациялау арқылы орындалады. Яғни, оқу үдерісінде әр түрлі фильмдер көрсету, педагогтың өзі топ арасында шынайы ситуацияларды құру, суреттердегі адамның белгілерін анықтау сияқты. Педагогика және дидактикалық оқу пәндері бойынша барлық тақырыптардың оқу материалдарына танымдық тапсырмалар құру күрделі.

Тапсырманың мазмұны, оның көлемі білім алушыға түсінікті, анық, нақты және нәтижелі шешімі мақсатқа сәйкес құрылуын бір теңдеумен немесе мәтіндік сөйлеммен орындау мүмкіндік бермейді. Танымдық тапсырманың мазмұны мәтіндік мәнерде орындау алгоритмін, шарттарын толық баяндаумен, анықтамалық түсіндірумен сипатталады.

Енді төменде, «Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру» оқу курсы бойынша дайындалған деңгейлік тапсырмалардың жобалы үлгісін «Бейіндік оқытудың элективтік курстарына оқу бағдарламасын құру» атты тақырыбына жасалған түрін ұсынып отырмыз.

Тапсырма – С.

Студент білім беру оқу орындарының оқу үдерісінде қолданатын оқу бағдарламаларының теориялық және әдістемелік негізі бойынша оқу материалдарын жинақтау талдап, жүйелеу сұралады. Кез-келген пәннің оқу бағдарламасын құрастыру қоғамдық және тұлғалық сұраныстарды қанағаттандыруы қажет етеді. Оқу бағдарламасы әр бір ғылым саласының жаңа жетістіктерін ескере түзіледі. Оқу бағдарламаны құрастыру педагогика ғылымының анықталған қағидалар мен критерияларға негізделеді. Оқу бағдарламасын жасаудың арнайы тәсілдері де еңбектерде ұсынылған. Осы оқу материалының теориялық және әдістемелік оқу материалдары бойынша ақпарат жинау мен жүйелеу тапсырманың бірінші міндетіне кіреді.

Тапсырманы орындаудың екінші міндетіне педагогика саласында бейіндік сыныптарға арналған оқу бағдарламаларын құрастырудың әдістемелік негіздері бойынша оқу материалдарын жинақтау қажет етеді. Таңдаулы немесе элективтік курстардың оқу бағдарламаларын құрастыру бойынша әдістемелік материалдарды талдау, салыстыру және тиімді құрылымдық элементтерді іріктеп, оның қолайлығы мен тәжірибеде ұтымды екенін негіздеу сұралады.

Студент осы екі негізгі міндеттерді орындап, жинақталған ақпараттады жүйелі түзе отырып қорытындылайды. Оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды. Орындалған тапсырма жазбаша баяндама түрінде рәсімделеді.

Тапсырма – В.

Бұл тапсырма тәжірибелік ізденіс сипатында орындалады. Ол үшін кез-келген типтегі жалпы орта мектептің жоғары саты оқушыларына арналған технологиялық бейін бойынша таңдаулы және элективтік курстардың оқу бағдарламасы үлгілерін жинақтау, оның

мазмұнымен таныса отырып, құрастырушы авторлармен сұқбаттасу жүктеледі. Мектеп тәжірибесінде бейін бойынша тәжірибеленіп келе жатқан оқу бағдарламалары қаншалықты ғылым саласының жетістіктерін ескерген, оқушы тұлғасының қызығуы мен сұраныстарын қаншылықты қанағаттандырады, оның болашағы қандай? Оқу бағдарламасын жасаған автормен сұқбаттасу барысында, оның жасалу жағдайы қалай жүрді, қандай ақпарат көздеріне негізделді? Оқу бағдарламасы қалай сараптамадан өтті, енгізу үдерісінде оған қандай өзгерістер мен толықтырулар жүргізілді?

Студентке ескерту, оқу жоспарының инварианттық және базалық компоненттерінде де таңдаулы курстар кездеседі. Бірақ, ол курстар тұрақты түрде сақталып, оқу бағдарламалары ҚР білім және ғылым министрлігі тарапынан жасалып бекітіледі. Ол оқу курстары міндетті болып табылады.

Ал, біздің жағдайымызда мектептің оқу жоспарында көзделген вариативтік компоненттегі таңдаулы және қолданбалы курстардың 8-9 және 10-11 сыныптарына арналған түрлері бойынша тәжірибелік ізденіс жұмыстарын орындау сұралады.

Жоғарыдағы негізгі екі міндетті толық орындағаннан кейін, ақпараттарды жүйелеу қажет. Жазбаша баяндама мазмұнында төмендегі мәселелер қамтылуы тиіс: технологиялық бейін бойынша мектеп педагогтарының өздері құраған оқу бағдарламалары қандай бейіндерге арналған; оқу бағдарламасы қандай сыныптарда қолданып келеді; оны оқу үдерісіне енгізу тәртібі мектеп жағдайында қалай жүреді; оқу бағдарламасының мазмұны бойынша оқушылардың пікірі қандай; таңдаулы және элективтік курстарға арналған оқу бағдарламаларының құрылымы қалай түзілген.

Баяндаманың қорытынды бөлімінде студент оқу үдерісінде қолданып келе жатқан оқу бағдарламасының тиімділігі мен жасалған сапасына пікірі мен ұсыныстары көрсетіледі.

Тапсырма – А.

Кез-келген оқу курстың оқу бағдарламасын жасау үдерісі ұзақ және күрделі үдеріс. Пәннің немесе таңдаулы курстың оқу бағдарламасын жасайтын автор педагогика ғылымы анықтаған білім беру мазмұны мен оқу бағдарламаны құрастырудың теориялық негізін, курс бойынша салалық ғылымның жетістігін жетік меңгеруі тиіс. Сонымен бірге, орындалатын таңдаулы курстың оқу бағдарламасы қандай жастағы оқушыларға және қандай типтегі курстың оқу бағдарламасы болмақ. Міне, осы мәселелерді шешу орындалғаннан кейін, келесі кезеңде оқу бағдарламаның құрау тәртібі бойынша оқу материалдарын қарастырған орынды.

Бізге белгілі типтік оқу бағдарламалардың құрылымдық элементтері мен олардың баяндалуы бірдей болып келеді. Бірақ, кей жағдайда ықшамдаулар және қосымша құрылымдық элементтерін кейбір авторлар ұсынып жатады. Оқу бағдарламасының әдістемелік жағдайлары бойынша талдаулар аяқталғаннан кейін, технологиялық бейін бойынша 8-9, 10-11 сыныптардың біріне оқу бағдарламасының жобасын құру қажет болады. Оның көлемі 12 сағаттық, 24 сағаттық 36 сағаттық болуы да мүмкін.

Таңдаған технологиялық бейін бойынша оқу бағдарламасының білім беру мазмұны салалық еңбек түрі бойынша баспадан шығарылған оқулықтар, оқу құралдары мазмұнынан түзіледі. Ол үшін соңғы жылдары шыққан бір атаудағы бірнеше оқулықтарды алып, талдап, қажетті оқу материалдардың элементтерін басты тақырыптарға іріктеп жүйелейді. Оның сағат көлемі жоғарыда анықталған. Кейін оқу бағдарламаның басқа құрылымдық элементтері анықталып, толық жүйеленеді. Дайындалған элективтік курстың оқу бағдарламасы үлгісі(жоба) сауатты рәсімделіп қорғалады.

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған оқу курсының басты тақырыптары бойынша білім алушылардың оқу үдерісіндегі оқу-танымдық іс-әрекетіне деңгейлік тапсырмалардың 27 үлгісі дайындалып, олар тәжірибеде тексерілуде. Оның сандық және сапалық нәтижелерін журналдың келесі басылымдарында жариялауға ұсынатын боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Вишнякова С.М. Профессиональное образование. Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика / С.М.Вишнякова [Электронный ресурс]. – М.: НМЦ СПО. – 1999. – 538 с.

2 Панов В.Г. Российская педагогическая энциклопедия / В.Г. Панов [Электронный

ресурс]. – М.: «Большая Российская энциклопедия», 1993.

3 Бим-бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь / Б.М. Бим-бад [Электронный ресурс]. – М., 2002. – С.90.

4 Зинченко В.П. Большой психологический словарь / В.П.Зинченко, Б.Г. Мещеряков [Электронный ресурс]. — М.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2003. – 672 с.

5 Столяр А.А. Педагогика математики : учеб. пособие для физ.-мат. фак. пед. ин-тов / А.А. Столяр. – Минск, 1986. – 381с.

6 Балл Г.А. Теория учебных задач: психолого-педагогический аспект / Г.А. Балл. – М.: Педагогика, 1990. – 184 с.

7 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды / Ю.К.Бабанский. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.

8 Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем / В.В. Сериков. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1999. – 272 с.

9 Байденко В.И. Болонский процесс: результаты обучения и компетентностный подход / В.И.Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. – С. 482-492.

10 Толлингерова Д.К. Теории учебных действий и их проектированию / Д.Толлингерова. – Прага, ГПИ, 1986. – С. 207 — 216.

11 Караев Ж.А. Трехмерная методическая система обучения – основа формирования функциональной грамотности учащихся / Ж.А.Караев // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – № 11 – С. 19-25

12 Бобков Н.И. Диагностика математической подготовки студентов средних профессиональных образовательных учреждений на основе многоуровневой системы задач : Автореф. дис. канд. наук. – Саранск, 2015. – 22 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор проводит глубокое изучение и анализ теории конструирования учебно-познавательных задач. Проведенное исследование позволило определить особенности традиционных и современных видов учебных заданий, развивающих в процессе обучения у студентов когнитивные способности, личностные и профессиональные качества. На основе исследования теории учебных задач автором разработаны образцы уровневых заданий по курсу «Организация профильного обучения школьников».

RESUME

In this article the author carries out deep studying and the analysis of the theory of designing educational познавательных tasks. The conducted research allowed to define features of traditional and modern types of the educational tasks developing in the course of training at students of cognitive abilities, personal and professional qualities of the personality. On the basis of research of the theory of educational tasks by the author samples of-level tasks at the rate "Organization of Profile Training of School Students" are developed.